



Автор: Аюпова Гүлнара Едресовна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Табиғи құбылыстар

Тақырып: Біз қиялдай аламыз

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4 4.2.7.1 Шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табужәнеоларды қолдану 4.2.8.2 Көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Жырдан әсірелеуді тауып, оны эссе жазуда қолданады. «Толағай» жырын иллюстрациямен салыстырып, қорытынды жасайды. Оқушылардың басым бөлігі: Толағайды батырлармен салыстырып, ұқсастықтарын көрсете алады. Кейбір оқушылар: Негізгі идеяны өмірмен байланыстырады.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар. Терминология. Сөз тіркестері: Толағай Тарбағатай
Күтілетін нәтиже:	Шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) қолдана алды
Бағалау критерийлері:	Әдеби көркемдегіш құралды қолданады. Көркем шығарманы иллюстрация нұсқасымен салыстырады.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар.
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану
Бастапқы білім:	Біз қиялдай аламыз

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	«Зейінін шоғырландыру» Қайырлы күн тілеу. Қайырлы күн достым, Қайырлы күн болсын. Сәрсенбінің сәті Сәттілікке толсын. Бүгін алар бағамыз, Кілең бестік болсын. «Допты қағып ал» тәсілі бойынша сыныпқа сұрақтар қоямын. Отбасы мүшелері жаңбырдан қандай жақсылық күтеді? Балалар неліктен жаңбырға екі түрлі өтініш айтты. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. «Тасаттық деген не? Ол не үшін керек? (Тасаттықта көпшілік қауым болып жиналып, құрбандық шалып, сауабын аруақтарға бағыштап, құран оқылып, құдайдан жаңбыр жаууын тілеп ниет қылады.) Суретке қарап қиял-ғажайып әңгіме құрастыр Дескрипторы: суреттерді негізге алып, қиял-ғажайып әңгіме құрастырады. ҚБ: Смайлдер арқылы өзара бағалау Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>«Қойын дәптер» әдісі бойынша Әбділда Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұматтар жинақтау</p> <p>Аты-жөні Туған жылы Шығармалары Ақпарат</p> <p>«Түсініп оқы» айдары бойынша әр оқушы «Толағай» өлеңін түсініп оқиды.</p> <p>Дескрипторы: Өлеңді түсініп, өздері құрастырған әңгімемен салыстырып оқиды.</p> <p>ҚБ: Өзін-өзі бағалау ТЖ</p> <p>1-топ кесте бойынша салыстыру</p> <p>2-топ жырдан Толағайдың ерлігін суреттеудегі әсірелеуді тауып оқиды.</p> <p>3-топ Толағайдың ерлігін батырлар жырындағы кейіпкерге ұқсастырып, дәлелдейді.</p> <p>Дескрипторы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өтілген материалдарды негізге ала отырып, әсірелеу арқылы бейнеленген кейіпкерді табады. 2. Өз таңдауларын дәлелдермен негіздейді 3. Толағай бейнесін батырлар жырындағы батырлар бейнесімен салыстырады. 4. Ұқсастықтарын салыстырады. . <p>ҚБ: «Отшашу» әдісі арқылы жүзеге асыруға болады.</p>	
Сабақтың соңы	<p>«Қорытындыла» айдары Толағайдың ерлігінен кейін туған жері қалай өзгерді?</p> <p>Үй тапсырмасы: Ғаламтордан Толағай тауы туралы деректер ізде. Бұл тау еліміздің қай облысында екенін анықтап, әңгімелеуге дайындал.</p> <p>«Келешекте өз еліңе қандай жақсылық жасар едің?» эссе жазу</p> <p>«Бағдаршам» әдісі бойынша сабаққа кері байланысты бағдаршам көздеріне жапсыртады.</p>	
Рефлексия	<p>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?</p> <p>Бүгін оқушылар не білді?</p> <p>Сыныптағы ахуал қандай болды?</p> <p>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?</p> <p>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?</p> <p>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	